

**Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы
облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті мен
«Q» University мекемесі
арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ** 03.1.2 - 02/25

Алматы қаласы

«03» 02 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті (бұдан әрі – Департамент) атынан басшы Нуржан Ныгметович Исмагулов бір тараптан және «Q» University мекемесі (бұдан әрі – Университет) атынан ректордың м.а. Куланова Сандугаш Шәрібекқызы екінші тараптан және бұдан әрі Тараптар деп аталатындар өзара іс-қимылды күшейту мақсатында және білім беру мен ғылыми іс-қимыл саласындағы өзара тиімді стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі нығайтып дамытуға екіжақты ұмтылысты білдіре отырып, ынтымақтастықтың мынадай негізгі қағидаттары туралы осы Меморандумды жасасты:

1. Жалпы ережелер

1.1 Тараптар білім және ғылым жүйелерін жетілдірудің маңызын сезіне отырып, мамандар даярлауды жақсарту және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің кадр әлеуетінің сапасын арттыру мақсатында күш-жігерді біріктіру қажет деп есептейді.

1.2 Осы Меморандум Тараптардың тәжірибе мен білім алмасу, бірлескен жобаларды, бағдарламаларды, курстарды, семинарларды ұйымдастыру, сондай-ақ оқытушылармен және сарапшылармен екіжақты алмасу саласындағы өзара іс-қимыл рәсімін регламенттейді.

1.3 Тараптар жалпы қабылданған практиканы негізге ала отырып, тең құқылық, ашықтық, ізгі ниет, құрмет пен сенім негізінде ынтымақтастықты іске асыруға ниеттенеді.

1.4 Тараптар осы Меморандумды іске асыру процесінде өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Меморандумды іске асыру нысандары

2.1 Осы Меморандумды іске асыру үшін Тараптар:

- профессорлық-оқытушылық құраммен, сарапшылармен және білім алушылармен (курсанттармен, тыңдаушылармен, магистранттармен, докторанттармен) екі жақты алмасуға.

- тараптардың жеке құрамның біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға өзара көмекке;

- жаңа бірлескен білім беру және ғылыми-зерттеу бағдарламаларын, курстарды, семинарлар мен жобаларды енгізуге;

- студенттердің бірлескен конференцияларын, дөңгелек үстелдерін, тағылымдамалары мен практикаларын ұйымдастыруға;

- ғылыми жарияланымдарға, зерттеулерге, жаңа әзірлемелер мен білім беру бағдарламалары бойынша материалдарға өзара мүддені білдіретін ақпарат алмасу және таратуға;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түлектер арасында құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына _____ іріктеу өткізу және оларды бастапқы кәсіптік оқыту курстарына жіберуге;

- құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында бастапқы кәсіптік даярлықтан өту кезеңінде түлектерге жетекшілік етуді ұйымдастыруға.

2.2 Тараптар олардың арасындағы ынтымақтастық Агенттіктің мүдделі ұйымдарының өкілдері мен қол қойған бірлескен бағдарламалар негізінде жүзеге асырылатынына келіседі.

2.3 Осы Меморандум халықаралық міндеттемелер жасамайды және Тараптарға заңды және қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

2.4 Осы Меморандум Тараптар арасындағы өзара іс-қимылдың базалық шарттарын айқындайды. Одан әрі қосымша Меморандумдар, келісімдер, шарттар және өзге де азаматтық-құқықтық құжаттар жасасу арқылы ынтымақтастық аясын кеңейтуге болады.

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1 Әрбір Тарап осы Меморандумның іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.2 Тараптар осы Меморандум шарттарының және құпия ақпарат ретінде немесе сипаты бойынша құпия деп есептелуі тиіс ақпарат ретінде берілген барлық ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

4. Меморандумның қолданылу мерзімі және өзгерістер енгізу тәртібі

4.1 Осы Меморандум қол қойылған сәттен бастап мерзімсіз кезеңге күшіне енеді және екі Тараптың өзара келісімінсіз өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін емес. Барлық өзгеріст пен толықтыру жазбаша нысанда баяндалуы және Тараптар оған қол қоюы тиіс.

4.2 Меморандум біржақты тәртіппен екінші Тарапты ескерке отырып оны бұзғанға дейін кемінде бір ай бұрын бұзылуы мүмкін.

4.3 осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптарды уәкілетті тұлғаларының қолымен жазбаша нысанда ресімделеді және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болады.

5. Қорытынды ережелер

5.1 Тараптар екіжақты келіссөздер жолымен олардың арасында туындаған келіспеушіліктерді жою үшін барлық қажетті шараны қабылдайды.

5.2 Осы Меморандум бірдей күші бар екі данада, әрбір тарап үшін бір данадан жасалды.

Тараптардың колдары:

**Қазақстан Республикасы
Қаржылық мониторинг агенттігінің
Алматы облысы бойынша
Экономикалық тергеп-тексеру
Департаментінің басшысы**

Исмагулов Н.Н.



**«Q» University мекемесі
ректордың м.а.**

Куланова С.Ш.

